

АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН БУКЛЕТ

9-шы САБАҚ

ӨЗІМІЗГЕ КҮТІМ КӨРСЕТУДІ ҰМЫТПАЙ, ПРОБЛЕМАЛАРДЫ ҚАЛАЙ ШЕШУ КЕРЕК



Баланы дамытуды үйренеміз

ДДСҰ “Caregiver Training Skills” (балаларға күтім көрсетуді үйрету) бағдарламасын Қазақстан Республикасы үшін адаптау аясында ҚР ЕХӘҚМ ӘОД ҒПО, ҚР ДСМ РПДФПО және ЮНИСЕФ бірлесіп әзірлеген

9-шы САБАҚ

ӨЗІМІЗГЕ КҮТІМ КӨРСЕТУДІ ҰМЫТПАЙ, ПРОБЛЕМАЛАРДЫ ҚАЛАЙ ШЕШУ КЕРЕК

МАЗМҰНЫ	БЕТ
Бүкіл бағдарлама кестесі	2
Біз бүгін нені білеміз	3
Негізгі хабарлама № 1	4
Ұсыным № 1	5
Ұсыным № 2	6
Розаның оқиғасы, 1-бөлім: Өзімізге күтім жасауды үйренеміз	7
Негізгі хабарлама № 2	11
Розаның оқиғасы, 2-бөлім: Проблемаларды шешу	12
Негізгі хабарлама № 3	17
Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар	18
Сұрақтарға жауаптар	20
Әрі қарайғы қадамдар	22

БҮКІЛ БАҒДАРЛАМА КЕСТЕСІ		Күні, уақыты, орны
Үйге бару 1		
Телефон арқылы тіркеу		
Сабақ 1	Баланы бірлескен іс-әрекеттерге қалай қатыстыру керек	
Телефон арқылы тіркеу		
Сабақ 2	Баланың бірлескен іс-әрекетке қызыға қатысуын қалай қолдау керек	
Телефон арқылы тіркеу		
Сабақ 3	Баланың бірлескен ойындарға және күнделікті үй жұмыстарына қатысуына қалай көмектесу керек	
Келесі сабақ туралы СМС немесе WhatsApp арқылы еске салу		
Сабақ 4	Баланың қарым-қатынасын қалай түсінуге болады	
Келесі сабақ туралы СМС немесе WhatsApp арқылы еске салу		
Сабақ 5	Баланың қарым-қатынас дағдыларын қалай дамыту керек	
Үйге бару 2 (5-ші және 6-шы сабақтар арасында)		
Сабақ 6	Баланы жағымсыз мінез- құлықтан қалай алдын ала сақтандыру керек әрі қызыға қатысуына және басқарылуына қалай көмектесу керек	
Телефон арқылы тіркеу		
Сабақ 7	Балаға жағымсыз мінез-құлық баламаларын қалай үйрету керек	
Келесі сабақ туралы СМС немесе WhatsApp арқылы еске салу		
Сабақ 8	Кішкентай қадамдардың көмегімен және ересектің мейлінше аз жәрдемімен балаға жаңа дағдыларды қалай үйрету керек	
Келесі сабақ туралы СМС немесе WhatsApp арқылы еске салу		
Сабақ 9	Өзімізге күтім көрсетуді ұмытпай, проблемаларды қалай шешу керек	
Үйге бару 3		
Қосымша сабақтар:		

9-ШЫ ТОПТЫҚ САБАҚ

ӨЗІМІЗГЕ КҮТІМ КӨРСЕТУДІ ҰМЫТПАЙ, ПРОБЛЕМАЛАРДЫ ҚАЛАЙ ШЕШУ КЕРЕК

БІЗ БҮГІН НЕНІ БІЛЕМІЗ:


- Әр қатысушы қандай нәтижелерге жетті және дағдыларды машықтауды, жаңа мақсаттар қоюды қалай жалғастыру керек
- Балаға күтім көрсететін адам стресстен қалай құтылуы және өзіне қалай күтім жасауы керек
- Туындайтын проблемалардың шешімін қалай табу керек



Негізгі хабарлама № 1

ӨЗІҢІЗ ЖӘНЕ БАЛАҢЫЗ ҮШІН МАҚСАТТАР ҚОЮДЫ ЖАЛҒАСТЫРЫҢЫЗ ЖӘНЕ ЖЕТІСТІКТЕРІҢІЗДІ ҚАДАҒАЛАП ОТЫРЫҢЫЗ

- Назар аударыңыз, қандай әдістер сіз және сіздің балаңыз үшін ең сәтті болып табылады, оларды әрі қарай қолдануды жоспарлаңыз
- Өзіңізден сұраңыз: балам осы қадамды игергенде келесі қадам қандай болады?
 - Келесі қарым-қатынас жасау дағдысы
 - Күнделікті дағдының келесі кішкентай қадамы
 - Жағымсыз мінез-құлық кезіндегі келесі міндет
 - Сіз балаға үйрететін келесі күнделікті әрекет



Ұсыным № 1

БАЛАНЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ІС-ӘРЕКЕТТЕРІНІҢ КӨЛЕМІН КЕҢЕЙТІҢІЗ: ЖАҢА ҚАДАМДАРДЫ ҚОСУ ҮШІН «КӨРСЕТУ ЖӘНЕ АЙТУ» ӘДІСІН ҚОЛДАНЫҢЫЗ

- Алға жылжу үшін сіздер бірлесіп атқаратын іске жаңа қадам қосу керек болатын кездерді байқап жүріңіз
- **КӨРСЕТІҢІЗ** және **АЙТЫҢЫЗ**: қадамды қалай орындау керек екенін көрсетіңіз және сол туралы балаға түсінікті деңгейде айтып беріңіз

Ойын



Сол текшелерді басқа тәсілмен қалай жинауға болатынын **КӨРСЕТІҢІЗ** Сөйлемейтін немесе 1 ғана сөз айтатын балаға «Сарай!» немесе бір сөйлегенде бірнеше сөз айтатын балаға «Біз сарай салдық!» деп **АЙТЫҢЫЗ**



КӨРСЕТІҢІЗ: хайуанаттар бағының ішіне бір жануарды қойыңыз. Баланың тілдік даму деңгейіне қарай «Лақ!» немесе «Лақ ішінде!» деп **АЙТЫҢЫЗ**

Күнделікті іс



Күртені киіп жатып, сыдырмасын қалай жоғары қарай көтеретініңізді **КӨРСЕТІҢІЗ** Баланың тілдік даму деңгейінде «Жабамыз!» немесе «Сыдырманы жабамыз!» деп **АЙТЫҢЫЗ**



Баланы талпынысы үшін мақтаңыз: «Жаптың! Қолыңнан келді!»

Ұсыным № 2

БАЛАНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІН КЕҢЕЙТУ ҮШІН ЕКІ КҮНДЕЛІКТІ ІСТІ БІРІКТІРІҢІЗ

- Балаңыз қандай да бір күнделікті істерді өз бетінше орындай алса, 2 дағдыны біріктіріңіз



Егер балаңыз қолын өз бетінше жуа алса, келесі кішкентай қадам – үстел басына отыру және әлденіп алу («қол жуу» мен «тамақтануды» біріктіру)



Егер балаңыз тісін өз бетінше тазалай алса, келесі қадам шалбар кию болады («тіс тазалау» мен киінуді» біріктіру)


Ересектер ретінде біз көптеген күнделікті істерді атқарамыз. Егер балаңыз екі немесе одан көп әрекетті өз бетінше орындай алса, сіз оған едәуір тәуелсіз болып үйренуге көмектесе аласыз.

РОЗАНЫҢ ОҚИҒАСЫ, 1-бөлім: ӨЗІМІЗГЕ КҮТІМ ЖАСАУДЫ ҮЙРЕНЕМІЗ



Роза қызы Динамен және 4 жасар ұлы Әрсенмен бірге тұрады

7



Әрсеннің даму ерекшеліктері бар, оның жиі көңілі бұзылады және айғайлайды. Әрсен есейген сайын Розаға осындай сәттерді көтеру барған сайын қиын болып барады.




Кейде Роза өзіне былай дейді:
«Бәлкім, мен бірдеңені дұрыс
жасап жатқан жоқ шығармын?»
Кейде ол былай деп ойлайды: «Оны
мінез-құлқы бәрібір нашарлап бара
жатса, курста үйренген
ұсынымдарды орындауды
жалғастырудың қандай мәні бар?»


Уақыт өте келе Роза
шаршаңқылықты сезе бастады
және ашушаң болып кетті
Оған ұйықтау да қиын, кейде
жылайды
Басы жиі ауыратын болды және
тәбеті де жоғалып кетті.



Бір күні Роза дүкенде құрбысы Сабинаны кездестірді. Сабина онымен сөйлесіп келіп еді, бірақ Роза үйге асығып тұрғанын айтты. Роза былай ойлады: «Менің әңгімелесіп тұратын уақытым жоқ, үйде істейтін жұмысым көп».



Роза Әрсенді кезекті психолог қабылдауына апарғанда кезек күтіп отырып жылап жіберді. Роза басына түскен қиындықтары туралы ешкімнің білгенін қалаған жоқ, сондықтан, өзін ыңғайсыз сезінді. Психолог не болғаны туралы сұрағанда Роза бәрін айтып берді.



Психолог Роза бар қиындықтарын айтып бергеніне қуанышты екенін жеткізді. Ол даму ерекшеліктері бар балалардың ата-аналары қатты стресске шалдығатынын жиі түсіндірді. Сонымен бірге ол Әрсеннің мінез-құлқы көптеген себептерден нашарлауы мүмкін екенін және бұл Розаның үйренген әдістерін қолдануды тоқтатқаны жөн екенін білдірмейтінін де айтты.



Психолог біраз стресс – қалыпты жайт екенін, бірақ қатты стресске немесе ұзақ стресске шалдыққанда ол бүкіл өмірімізге, оның ішінде эмоциялық күйімізге, адамдармен қарым-қатынастарымызға және бірдеңе істей алу қабілетімізге айтарлықтай әсерін тигізе алатынын түсіндірді.



Психолог мұндай жағдайда біз өзгерте алмайтын нәрселерді қабылдау өте пайдалы болатынын түсіндірді. Қабылдау орын алған жағдай сізге ұнайды дегенді білдірмейді. Бұл шын мәнінде не болып жатқанын мойындайтыныңызды, онымен күреспейтініңізді білдіреді.

10




Психологпен сөйлесу Розаға шынымен өз эмоцияларын және ойларын жақсырақ түсінуге көмектесті. Ол өзіне соншалық қатал қараудың қажеті жоқ екенін де түсінді. Розамен кездесіп, сөйлесу үшін психолог келесі қабылдау уақытын тағайындады.

Негізгі хабарлама № 2

ӨЗІҢІЗГЕ КҮТІМ ЖАСАУ СІЗГЕ ЖӘНЕ БАЛАҢЫЗҒА КӨМЕКТЕСЕДІ

- Өзіңізге барынша жақсы күтім жасаңыз, дұрыс тамақтануға, ұйқыңызды қандыруға және денсаулығыңызды ойлауға тырысыңыз
- Өзіңіз үшін маңызды істермен және сізге ләззат сыйлайтын істермен айналысыңыз
- Басқа адамдармен қарым-қатынас жасаңыз және олармен байланысты үзбеңіз




Өз аман-саулығыңызды басты басымдыққа айналдырыңыз! Балаңызға қолдау көрсете алу үшін өзіңізге күтім жасаңыз

РОЗАНЫҢ ОҚИҒАСЫ, 2-бөлім: ПРОБЛЕМАЛАРДЫ ШЕШУ



Роза клиникадан кетер алдында психолог одан жағдайын жақсарту үшін бір азғантай нәрсені жасауды өтінді.

Алдымен Роза күмәнданды, бірақ психолог оның көмегі көп болатынын, сонымен бірге Әрсеннің мінез-құлқын жақсартуға септесетінін айтты. Психолог Розадан өзі үшін мәнді, маңызды істі таңдап, оны орындау үшін нақты жоспар жасауды өтінді, Роза сол күні Сабинаға қоңырау шалатын болып шешті.




Роза Сабинамен сөйлесіп еді, өзін жақсырақ сезінуге көмегі тиді. Ол құрбысына тіпті Әрсенді тәрбиелеудегі қиындықтар турады да айтып берді, сонда Сабина оған кәдімгідей жігер берді.



Психолог адамдарға қиыншылықтарға бола аз алаңдауға көмектесетін проблемаларды шешу техникасын қолданып көретінін айтты. Сол үшін ол Розадан қазіргі күні өзекті және Розаның бақылауына ішінара көнетін бір проблеманы таңдауды өтінді. Психолог «Анам ауырып қалуы мүмкін» деген сияқты проблеманы таңдау орынсыз екенін түсіндірді, себебі, мұндай жағдай орын алуы мүмкін, бірақ әлі болған жоқ. Оған қоса анасының денсаулығы Розаға мүлдем дерлік тәуелді емес.



Роза Сабинаға барғысы келетінін, бірақ Әрсенді кіммен қалдыратынын білмейтінін түсіндірді. Психолог сол проблеманы шешу үшін алдымен баға беруге тырыспай, өздері ойлап таба алатын барлық мүмкін жолдарды тізіп шығуды ұсынды.



Роза үш мүмкін шешімді ұсынды:

- A. Өзі Сабинаныкінде болғанда Әрсенге қарау үшін енесінен үйге келуді өтіну
- B. Өзі Сабинаныкінде болғанда Әрсенге қарау үшін оны ененісінің үйіне апарып тастау
- C. Әрсен үйде Розамен бірге қалуы үшін Сабинадан үйге келуін өтіну



Психолог Розадан тағы да басқа жолдарды ойлап таба алатынын сұрады, сонда Роза тізімге тағы біреуін қосты: Мадинадан (ата-аналарға арналған бағдарламаға қатысушыдан) Әрсенге қарай тұруды өтіну. Мадинаның да Әрсенмен қатарлас ұлы бар. Мадина мен Роза олардың біреуі демала алуы үшін екіншісі баласына қарап бере алатынын талқылаған болатын.



Тізім жасалып біткенде психолог Розадан проблеманы шешудің қай жолы бәрінен де тиімсіз екенін анықтауды өтінді. Роза енесінің бос уақыты өте аз екенін айтты.



Психолог Розадан қалған екі жол туралы ойланып, олардың артықшылықтары мен кемшіліктерінің тізімін жасауды өтінді. Тізім келесідей болып шықты:

	Артықшылықтары:	Кемшіліктері:
Сабинадан менің үйіме келуді өтіну (сонда Әрсен менімен бірге үйде қалады)	<ul style="list-style-type: none"> – Маған Сабинаның үйіне жету үшін жолға уақыт шығындаудың қажеті жоқ 	<ul style="list-style-type: none"> – Сабинаға менің үйіме келуі керек болады – Маған Сабинаның үйіне жаяу серуендеп барған ұнайды – Мен Әрсеннен бір сәтте те көз ала алмаймын
Мадинадан Әрсенге қарай тұруды өтіну	<ul style="list-style-type: none"> – Егер Әрсеннің есірігі ұстаса, Мадина не істейтінін біледі – Арсен Мадинаның ұлы Назармен бірге уақыт өткізе алады 	<ul style="list-style-type: none"> – Келесі жолы маған оның ұлына қарауға тура келеді – Мадинаға өтініш айту ыңғайсыз, себебі, курс аяқталғаннан кейін көріспегелі көп болды

Психолог Розадан ең жақсы болып көрініп тұрған шешімді таңдауды өтінгенде ол «Мадинадан Әрсенге қарай тұруды өтіну» нұсқасын таңдады. Содан кейін психолог сол шешімді жүзеге асыру үшін қажетті қадамдарды нақты көрсетіп, іс-қимылдар жоспарын жасауды өтінді.





Роза Мадинаға күндіз қоңырау шалып, Әрсенге қарай алатынын сұрауға бел бұды.

Роза жоспар жасау оған азырақ мазасыздануға, өзіне және отбасына жақсырақ күтім көрсетуге көмектесе алатынын түсіне бастады. Роза психологқа баруын жалғастырып, өзін жақсырақ сезіне бастады.

Негізгі хабарлама № 3

ЕГЕР ПРОБЛЕМАНЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫН ІЗДЕСЕҢІЗ, ШЕШІМІН ТАБАСЫЗ

Нақты бар, қазіргі күні өзекті және бақылауыңызға көнетін проблеманың шешімін табу үшін келесі қадамдарды орындаңыз:



1. Мейлінше көп мүмкін шешімдерді ойлап табыңыз.

2. Жарамайтын шешімдерді сызып тастаңыз.

Мадинадан өтіну:		Сабина маған келеді:	
Артықшылығы	Кемшілігі	Артықшылығы	Кемшілігі
1	1	1	1
2	2	2	2

• Мадинадан өтіну
ЖОСПАР:
• Мадинаға хабарласып, сөйлесу

3. Қалған шешімдердің артықшылықтары мен кемшіліктері туралы ойланыңыз.

4. Кем дегенде бір шешімді таңдап, аса айқын және нақты іс-қимылдар жоспарын жасаңыз



5. Жоспарыңызды іс жүзінде орындап көріңіз!

ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

Топтық сабақтан кейін өзіңізді тексеру үшін осы сұрақтарға жауап беріп көріңіз. Содан кейін осы тараудың аяқ жағында келтірілген дұрыс жауаптармен салыстырып тексере аласыз.

Сұрақ 1

Психолог ұсынған проблемаларды шешу техникасы Розаға пайдалы болып көрінді. Ол кезекті проблема туындағанда осы техниканы қолдану үшін оны құрайтын қадамдарды есіне сақтап алғысы келеді. Қадамдардың дұрыс ретін таңдаңыз. Сол жақтағы әр қадамды оң жақтағы сипаттамасымен сызық арқылы түйістіріңіз.

- | | |
|---------|---|
| Қадам 1 | A. Қалған шешімдердің артықшылықтары мен кемшіліктері туралы ойланыңыз. |
| Қадам 2 | B. Нақты бар, қазіргі күні өзекті және бақылауыңызға көнетін проблеманы таңдаңыз. |
| Қадам 3 | C. Кем дегенде бір шешімді таңдап, аса айқын және нақты іс-қимылдар жоспарын жасаңыз. |
| Қадам 4 | D. Жарамайтын шешімдерді сызып тастаңыз. |
| Қадам 5 | E. Мейлінше көп мүмкін шешімдерді ойлап табыңыз. |

Сұрақ 2

Роза өзіне жақсырақ күтім жасағысы келеді және оған әрекеттердің қайсысы өзін жақсы сезінуге септесетінін, ал қайсысы қысқамерзімді мәселелерді шешу үшін пайдалы болып көрінгенмен, ұзақмерзімді келешекте оның жағдайына теріс әсерін тигізуі мүмкін екенін шешуі керек. Сол жақтағы әрбір әрекетке анықтама беріңіз: ол Розаның өзін жақсы сезінуі үшін пайдалы ма, әлде зиян ба? Шешіміңізге қарай әр әрекет үшін «Пайдалы» немесе «Зиян» бағанына белгі қойыңыз.

	Пайдалы	Зиян
A. Жұмысы тым көп болып кеткенде үйде көбірек іс істеп үлгеру үшін бір мезгіл тамақ ішпеу.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
B. Аздап демалып алу үшін өзі сенетін адамнан Әрсенге қарай тұруды өтіну.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
C. Өзіне жиі-жиі жақсырақ тырысу керек екенін айтып отыру.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
D. Әрсенді қаз-қалпында қабылдауға тырысу.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
E. Отбасы мүшелеріне өзіне күтім жасау бүкіл отбасына игі әсерін тигізетіні туралы айтып беру.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
F. Балалар ұйықтап жатқанда көбірек іс істеп үлгеру үшін кеш ұйықтау.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>

СҰРАҚТАРҒА ЖАУАПТАР

Осы жерден алдыңғы бетте келтірілген өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтарға жауаптарды табасыз. Сұрақтарға жауап берген соң ғана жауаптарды оқыңыз. Жауаптарды тексеріп болған соң, сұрақтар берілген бетті ашып, дұрыс жауапты шеңберге алыңыз.

Сұрақ 1. Дұрыс жауап:

Қадам 1: В. Нақты бар, қазіргі күні өзекті және бақылауыңызға көнетін проблеманы таңдаңыз.

Қадам 2: Е. Мейлінше көп мүмкін шешімдерді ойлап табыңыз.

Қадам 3: D. Жарамайтын шешімдерді сызып тастаңыз.

Қадам 4: А. Қалған шешімдердің артықшылықтары мен кемшіліктері туралы ойланыңыз.

Қадам 5: С. Кем дегенде бір шешімді таңдап, аса айқын және нақты іс-қимылдар жоспарын жасаңыз.

20

Сұрақ 2 Жауаптары мен түсіндірмелер:

- A. Жұмысы тым көп болып кеткенде үйде көбірек іс істеп үлгеру үшін бір мезгіл тамақ ішпеу: зиян. Жүйелі және сапалы тамақтануға тырысыңыз, себебі, тәніңізге және ойларыңызға жағымды әсер етеді. Бір мезгіл тамақ ішпеу Розаға көбірек қысқамерзімді істерді атқаруға көмектескенімен, жағдайына кесірлі әсер тигізуі мүмкін, сонда ол болашақта дәл сондай көлемде жұмыс атқара алмайтын болады.
- B. Аздап демалып алу үшін өзі сенетін адамнан Әрсенге қарай тұруды өтіну: пайдалы. Роза кейде демалғысы келетіні үшін өзін кінәлау сезімінен арылуға тырысуы және өзін жақсы сезінгені өзі үшін де, Әрсен үшін де, қалған отбасы мүшелері үшін де өзекті екенін есіне салып тұруы маңызды.
- C. Өзіне жиі-жиі жақсырақ тырысу керек екенін айтып отыру: зиян. Роза жұмысын жақсырақ атқаруға тырыса алады, бірақ өзін шектен тыс сынап-мінеуден аулақ болғаны жөн, себебі, жағдайына теріс әсері тиюі мүмкін.

D. Әрсенді қаз-қалпында қабылдауға тырысу: пайдалы. Егер Роза баласының дамуда қиындықтары болмауы туралы армандарға көп күш жұмсаса, бұл оған еш пайда әкелмейді. Одан да шындықты қабылдау (яғни балада проблемалар бар екенін мойындау) және бар қажырын баласының проблемалары жоқ болып кетуі жайлы армандарға емес, оған нақты көмек беруге жұмсағаны жөн болады.

E. Отбасы мүшелеріне өзіне күтім жасау бүкіл отбасына игі әсерін тигізетіні туралы айтып беру: пайдалы. Басқа адамдар тарапынан қолдауды сезіну Розаның өзін жақсы сезінуі үшін үлкен мәнге ие. Розаның отбасы Роза өзіне күтім жасағанда қалған отбасы мүшелеріне көмектесетінін түсінгені маңызды.

F. Балалар ұйықтап жатқанда көбірек іс істеп үлгеру үшін кеш ұйықтау: зиян. Ұйқы күш-қуатты сақтау үшін маңызды рөл атқарады және ұйқыда өткізетін уақыт көлемі стресс деңгейіне және басқа эмоцияларға әсер ете алады. Көбірек іс істеп үлгеру үшін кеш ұйықтау идеясы Розаға ұнауы мүмкін болғанымен, өзін жақсы сезінуге теріс әсерін тигізуі мүмкін.

ӘРІ ҚАРАЙҒЫ ҚАДАМДАР

Бұл соңғы топтық сабақ болатын. Сіздерді бағдарламаға қатысқандарыңызбен құттықтаймыз!

Соңғы рет үйге бару күні: _____

Бәлкім, сіздер өзге қатысушылармен қарым-қатынас жасауды жалғастырғыларыңыз келетін шығар немесе қайта кездесуді жоспарлап қойған боларсыздар. Сіздер ғана бір-біріңіздің проблемаларыңызды және қиындықтарыңызды түсіне аласыздар әрі қолдау ұсына аласыздар. Егер тағы кездескілеріңіз келсе, бірнеше адам ұйымдастыру мәселелерін қолға алғаны, байланыс мәліметтерін жинағаны, келесі кездесудің уақыты мен күнін анықтағаны жақсы болар еді.

Осы сабақ аяқталғаннан кейін сіздер жаттықтырушылармен сөйлессеңіздер, олар сіздерге ата-аналар тобын ұйымдастыру бойынша барлық қажетті ақпаратты береді.